

## Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 436-V ҚРЗ.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы Заң 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.**

**Колданушылар назарына!**

**Колданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.**

**МАЗМҰНЫ**

### 1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

#### 1-бап. Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі және қызметінің құқықтық негізі

1. Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) – Қазақстан Республикасы Президентінің соттарды қалыптастыру жөніндегі конституциялық өкілеттіктерін, судьялардың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеу кепілдіктерін қамтамасыз ету мақсатында құрылатын автономиялы мемлекеттік мекеме болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесін айқындайтын Конституциялық заң, осы Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері Кеңес қызметінің құқықтық негізі болып табылады.

3. Кеңестің заңды тұлға болып табылатын аппараты болады.

4. Кеңесті және оның аппаратын ұстауға арналған шығыстар республикалық бюджеттен қаржыландырылады.

5. Кеңес аппаратының қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Кеңестің регламентімен регламенттеледі.

Кеңес аппаратының жұмыскерлері мемлекеттік қызметшілер болып табылады.

Кеңес аппараты штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

5-1. Кеңес аппаратының жұмыскерлері мәртебесі, жалақысының мөлшері мен деңгейі, материалдық, қаржылық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етудің өзге де жағдайлары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының тиісті жұмыскерлеріне теңестіріледі.

6. Кеңес аппаратының басшысын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындейды және ол лауазымы бойынша Кеңес хатшысы болып табылады.

7. Кеңес аппараты туралы ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

**7-1. Кеңестің жаңында Сот төрелігі академиясы жұмыс істейді.**

Кеңес Академияны жалпы басқаруды жүзеге асыратын уәкілетті орган болып табылады.

Сот төрелігі академиясын құруды, оның мәртебесін және жұмысын ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

8. Кеңес өз өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде оның қызметіне араласуға жол берілмейді.

9. Кеңестің Төрағасы мен мүшелері сот төрелігін іске асыру бойынша соттардың және судьялардың қызметіне араласуға құқылы емес.

**Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 21.02.2019 № 227-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.03.2023 № 216-VII (15.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.11.2024 № 136-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

## **2-бап. Кеңес қызметінің негізгі қағидаттары**

Кеңес өз қызметін тәуелсіздік, зандылық, алқалық, жариялыштық және бейтараптық қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

## **3-бап. Кеңестің өкілеттіктері**

1. Кеңес:

1) судьялардың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеу кепілдіктерін қамтамасыз етеді;

2) аудандық және оған теңестірілген сот (бұдан әрі – аудандық сот) судьясының, облыстық және оған теңестірілген соттың (бұдан әрі – облыстық сот) сот алқасы төрағасының, судьясының, кассациялық сот судьясының, Жоғарғы Сот судьясының бослауазымдарына кандидаттарды іріктеуді конкурстық негізде жүзеге асырады:

конкурстың қорытындылары бойынша аудандық сот судьясының, облыстық соттың сот алқасы төрағасының, судьясының және кассациялық сот судьясының бослауазымдарына тағайындау үшін кандидаттарды Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;

2-1) "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңында көзделген жағдайларда судьялардың бослауазымдарына кандидаттарды конкурссыз тағайындау не сайлау мәселелерін қарайды:

жергілікті және басқа сот судьясының бослауазымына тағайындау үшін кандидатты Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыным жасайды;

Парламент Сенатына ұсыну енгізу үшін Жоғарғы Сот судьясының бослауазымына кандидаттарды Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыным жасайды;

3) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша облыстық соттар төрағаларының, кассациялық соттар төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бослауазымдарына кандидатураларды қарайды:

облыстық соттар төрағаларының, кассациялық соттар төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарына кандидаттарды лауазымға тағайындау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;

3-1) аудандық сот төрағасының бос лауазымына сайлау үшін кадр резервінде тұрған адамдардың және (немесе) өз кандидатурасын өзі дербес ұсынған адамдардың қатарынан кандидатураларды облыстық соттың кеңейтілген жалпы отырысына ұсынады;

3-2) облыстық соттың кеңейтілген жалпы отырысы сайлаған адамдардың қатарынан аудандық сот төрағасының бос лауазымына кандидаттарды іріктеуді жүзеге асырады:

іріктеудің қорытындылары бойынша аудандық сот төрағасының бос лауазымына тағайындау үшін кандидаттарды Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыным жасайды;

4) Жоғарғы Сот Төрағасының бос лауазымына кандидатураны қарайды:

Жоғарғы Сот Төрағасының бос лауазымына кандидатты Парламент Сенатына ұсыну үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыным жасайды;

5) "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңында көзделген жағдайларда төрағалардың, сот алқалары төрағаларының және судьялардың өкілеттіктерін тоқтату мәселелерін қарайды:

Қазақстан Республикасының Президентіне жергілікті және басқа соттардың төрағаларын, сот алқаларының төрағаларын және судьяларын, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларын лауазымынан босатуды ұсынады;

Парламент Сенатына ұсыну енгізу үшін Жоғарғы Соттың Төрағасы мен судьяларын лауазымынан босату туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыным енгізеді;

**5-1) алып тасталды – КР 21.11.2024 № 136-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Занымен;**

5-2) зейнеткерлік жасқа толғанда судья лауазымында болу мерзімін ұзарту туралы мәселені қарайды;

5-3) Кеңестің жанындағы Сот төрелігі академиясын жалпы басқаруды жүзеге асырады;

6) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті орган басшысының лауазымына кандидатты тағайындауға және оны лауазымынан босатуға келісім беру туралы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды;

6-1) Сот жүйесіндегі судья кадрларының жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндаманы қалыптастырады және оны Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады, оның кейіннен жариялануын қамтамасыз етеді;

7) Сот жюриінің және Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның шешімдеріне шағым жасау туралы судьялардың жолданымдарын қарайды;

8) судья болып жұмыс істеуге ниет білдірген азаматтардан біліктілік емтихандарын қабылдауды ұйымдастырады;

9) Қазақстан Республикасының Президентіне судьяны ұстап алуға, күзетпен ұстауға не үйқамаққа алуға, оны қүштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, судьяны қылмыстық жауаптылықта тартуға келісім беру туралы мәселені шешу үшін қорытынды ұсынады;

10) сот жүйесін және Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстарды тұжырымдайды және Қазақстан Республикасының Президентіне енгізеді;

11) судья корпусының сапалық құрамын жақсарту, кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру, судьялардың біліктілігін арттыру жөнінде шаралар қолданады;

11-1) судьяның кәсіби қызметін бағалауды жүргізу әдістемесін алдын ала келіседі;

12) Кеңес регламентін бекітеді;

13) судья лауазымына орналасу үшін біліктілік емтихандарын тапсырған, Кеңестің ұсынымын алған, сottарда тағылымдамадан өткен және облыстық сottардың жалпы отырыстарының қорытындыларын алған, сондай-ақ Кеңестің жанындағы Сот төрелігі академиясын бітірген адамдардың есебін жүргізуді ұйымдастырады;

14) судьялардың жалпы штат санын, әрбір жергілікті және басқа сottын судьялар санын белгілеуге келісім беру туралы мәселені қарайды;

15) судьялардың электрондық дербес есебін жүргізуді ұйымдастырады;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**16) тармақша жана редакцияда көзделген – ҚР 21.11.2024 № 136-VIII (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

16) аудандық сот төрағасының, облыстық сottың төрағасының, сот алқалары төрағаларының және судьясының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының және судьясының лауазымына кадр резервін (бұдан әрі – кадр резерві) қалыптастырады;

17) кадр резервін қалыптастыру және онымен жұмысты ұйымдастыру тәртібін бекітеді;

18) Кеңес жанындағы Кадр резерві жөніндегі комиссияның құрамын бекітеді;

18-1) Кеңес жанындағы Сот жюриінің құрамын бекітеді;

19) судьялыққа кандидаттардың психологиялық тесттен өту тәртібін айқынрайды;

19-1) судьяға куәлік беру тәртібін белгілейді;

20) Сottармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес туралы ережені бекітеді;

21) осы Заңнан, Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерінен туындастырылған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Кеңестің өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін:

- 1) мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан, ұйымдардан, азаматтардан қажетті ақпаратты, құжаттар мен өзге де материалдарды сұратуға және алуға;
- 2) тиісті лауазымды адамдардың ауызша түсініктемелерін тындауға және жазбаша түсініктемелерін талап етіп алдыруға;
- 3) Кеңес мүшелерінің, мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, ұйымдар мен мекемелер өкілдерінің арасынан комиссияларды, жұмыс топтарын құруға, өз жұмысына мамандар тартуға құқығы бар.

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.03.2017 № 53-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2017 № 86-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 21.02.2019 № 227-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 20.12.2021 № 83-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.03.2023 № 216-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 21.11.2024 № 136-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз)

Зандарымен.

## 2-тарау. КЕҢЕС ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ ӨКІЛЕТТЕКТЕРИ

### 4-бап. Кеңес құрамы

1. Кеңес Қазақстан Республикасының Президенті тағайындастын Төрағадан және басқа адамдардан тұрады. Төрағаны Қазақстан Республикасының Президенті Парламент Сенатының келісімімен тағайындауды.

Жоғарғы Соттың Төрағасы, Бас Прокурор, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің тиісінше тұрақты комитеттерінің төрағалары лауазымы бойынша Кеңес мүшелері болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Кеңес құрамына басқа адамдарды да, оның ішінде ғалым заңгерлерді, адвокаттарды, шетелдік сарапшыларды, заңгерлер жүргітшылығының өкілдерін де тағайындауы мүмкін.

2. Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысы судьялар қатарынан кандидаттарды сайлайды және оларды Қазақстан Республикасы Президентінің Кеңес мүшелері етіп тағайындауы үшін ұсыным жасайды.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

2-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген – ҚР 21.11.2024 № 136-VIII (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Кеңес құрамына судьялардың кандидатуралары Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысында аудандық және облыстық соттар, сондай-ақ Жоғарғы Сот

судьяларының Кеңесте тең өкілдік етуін қамтамасыз ету ескеріле отырып, облыстық соттардың кеңейтілген жалпы отырыстары ұсыным жасаған кандидаттар қатарынан қаралады.

Судьялар Кеңес мүшелерінің кемінде жартысын құрайды.

3. Кеңес Төрағасын және лауазымы бойынша Кеңес мүшелерін қоспағанда, Кеңес мүшелері өз өкілеттіктерін үш жыл жүзеге асырады.

Бұл ретте Кеңес Төрағасын және лауазымы бойынша Кеңес мүшелерін қоспағанда, Кеңес мүшелерінің жартысы бір жарым жыл сайын қайта тағайындалады.

4. Кеңес мүшелерінің арасынан адам шығып қалған жағдайда, Кеңестің жаңа мүшесі үш ай ішінде тағайындалады.

5. Кеңес Төрағасының, хатшысының және мүшесінің лауазымы коммерциялық ұйымның басшы органының және байқау кеңесінің құрамына кірумен, саяси партияның басшылық лауазымдарында болумен сыйыспайды.

6. Лауазымы бойынша Кеңес мүшелерін, зангерлер жұртшылығының өкілдерін қоспағанда, Кеңес мүшелері өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде негізгі жұмыс орны бойынша міндеттерін орындаудан босатылады.

7. Судьялар, зангер-ғалымдар мен адвокаттар қатарындағы Кеңес мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын барлық органдар үшін қаржыландырудың және жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесіне сәйкес Кеңеске бюджеттен бөлінген қаражат есебінен жүргізіледі.

Судьялар, зангер-ғалымдар мен адвокаттар қатарындағы Кеңес мүшелері жалақы деңгейі бойынша Жоғарғы Сот судьяларына теңестіріледі.

Судьялар, зангер-ғалымдар мен адвокаттар қатарындағы Кеңес мүшелеріне екі лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төлене отырып, ұзақтығы күнтізбелік отыз күн болатын жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы беріледі.

8. Кеңес мүшелері тәуелсіз және Қазақстан Республикасының Конституациясына, Қазақстан Республикасының зандарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне ғана бағынады.

9. Кеңес мүшелері Кеңестің өкілеттіктеріне жатқызылған мәселелерді шешу кезінде тең құқықтарға ие болады.

10. Кеңес мүшесінің өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес, мынадай негіздер бойынша тоқтатылады:

- 1) өз қалауы бойынша;
- 2) шетелдік сарапшыларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату;
- 3) кәсіптік міндеттерін одан әрі атқаруға кедергі келтіретін денсаулық жағдайы;

4) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану туралы не медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;

5) айыптау үкімінің заңды күшіне енуі, қылмыстық істің сотқа дейінгі сатыда Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде тоқтатылуы;

6) қайтыс болуы немесе қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;

7) судьяның өкілеттіктерін тоқтату;

8) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату және одан айыру;

9) Кеңес құрамына қосуға негіз болған мән-жайлардың қолданысының тоқтатылуы;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздердің туындауы.

11. Кеңес хатшысы Кеңестің мүшесі болып табылмайды және оның дауыс беру құқығы жоқ.

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 06.04.2016 № 484-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.02.2019 № 227-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 03.07.2020 № 357-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.12.2021 № 83-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 05.11.2022 № 157-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз); 27.03.2023 № 216-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## 5-бап. Кеңес Төрағасы

1. Кеңес Төрағасы:

1) Кеңесті басқарады және оған жалпы басшылықты қамтамасыз етеді, сондай-ақ мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынастарда Кеңес атынан өкілдік етеді;

2) Кеңес хатшысының ұсынуы бойынша Кеңестің жұмыс жоспарларын бекітеді;

2-1) Кеңес аппаратының құрылымын бекітеді;

3) Кеңестің отырыстарын шақырады және Кеңестің отырыстарына төрағалық етеді;

4) Кеңестің ұсынымдарына, қорытындыларына, шешімдері мен хаттамаларына қол қояды;

5) Кеңес хатшысының ұсынысы бойынша Кеңес отырыстарының қарауына енгізілетін мәселелерді айқындайды;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

6) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР 21.11.2024 № 136-VIII (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6) Жоғарғы Соттың жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстарына, судьялардың кеңестеріне, облыстық соттардың жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстарына, Судьялар одағының, Судья әдебі жөніндегі комиссияның, Сот жюрийнің, Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның отырыстарына қатысуға құқылы;

7) Кеңес регламентінің сақталуын қамтамасыз етеді;

8) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;

9) негізгі жұмысынан босатылған Кеңес мүшелерінің міндеттерін бөледі;

10) өз құзыретінің мәселелері бойынша өкімдер шығарады;

11) осы Заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Кеңес Төрағасы уақытша болмаған жағдайда, оның міндеттері негізгі жұмысынан босатылған Кеңес мүшелерінің біріне Төрағаның өкімімен жүктеледі.

**Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.02.2019 № 227-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.03.2023 № 216-VII (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **6-бап. Кеңес мүшелерінің өкілеттіктері**

1. Кеңес мүшесі:

1) Кеңестің қарауына ұсынылған материалдармен танысуға;

2) материалдарды зерттеуге және тексеруге қатысуға;

3) қаралып отырған мәселелер бойынша өтінішхаттарды мәлімдеуге, өзінің ұсыныстарына уәждер мен негіздемелер келтіруге;

4) қолында бар құжаттарды ұсынуға;

5) дауыс беру арқылы шешім қабылдауға қатысуға;

6) судьялыққа кандидаттармен және судьялармен өнірлерде көшпелі кездесулер өткізуғе;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**7) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР 21.11.2024 № 136-VIII (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

7) Кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша облыстық соттардың және Жоғарғы Соттың жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстарының, соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестер және судья қоғамдастыры органдары, Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия отырыстарының жұмысына қатысуға;

8) Кеңестің құзыреті шегінде азаматтарды жеке қабылдауды жүргізуғе;

8-1) Кеңес отырысында қарау үшін шығарылатын мәселелер тізбесі бойынша ұсыныстар енгізуғе;

9) осы Заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

2. Кеңес мүшесі:

1) Кеңестің отырыстарына қатысуға;

2) Кеңестің құзыретіне кіретін мәселелерді қарау кезінде бейтарап және объективті болуға;

3) өзіне жүктелген өкілеттіктерді орындауға байланысты өзіне белгілі болған, судьялыққа кандидаттардың және судьялардың жеке өмірі туралы мәліметтерге қатысты құпиялылықты, сондай-ақ дауыс беру құпиясын сақтауға;

4) Кеңес отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселені қарау кезінде, егер оған қатысты шешім қабылданатын адамның жұбайы (зайыбы), жақын туысы немесе жекжаты болса, өздігінен бас тартуын мәлімдеуге міндettі.

**Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.02.2019 № 227-VI Заңымен (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз).**

## **7-бап. Кеңес хатшысы – аппарат басшысы**

1. Кеңес хатшысы – аппарат басшысы:

1) Кеңес аппаратының қызметін ұйымдастырады;

2) Кеңес мүшелерінің ұсынысы бойынша алдағы отырыстың қарауына енгізілетін мәселелердің тізбесін қалыптастырады және бұл туралы Төрағаға күні бұрын баяндайды;

3) отырыс хаттамаларының, Кеңес қабылдаған ұсынымдардың, қорытындылар мен хаттамалық шешімдердің үзінді көшірмелеріне өз қолын қойып растайды;

4) қажет болған кезде тексерулер ұйымдастырады;

5) Кеңес отырысына шақырылатын адамдардың тізімін айқындайды және олардың келуін қамтамасыз етеді;

6) Төрағаның өкімдерін және Кеңестің шешімдерін орындайды;

7) Кеңес аппаратына басшылықты жүзеге асырады: оның бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

8) Кеңес аппаратының қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

8-1) Сот жюриінің, Кадр резерві жөніндегі комиссияның, Біліктілік комиссиясының, Конкурстық іріктеу жөніндегі комиссияның қызметін қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

9) Кеңес Төрағасымен келісу бойынша аппараттың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

10) Кеңес аппаратында атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын бақылайды;

11) Кеңестің мемлекеттік сатып алу саласына басшылықты жүзеге асырады, оның ішінде төлем шотына қол қояды;

12) Кеңес қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік сатып алудың өткізуін ұйымдастырады және оған жауап береді;

13) алып тасталды – ҚР 27.03.2023 № 216-VII (алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Кеңес аппаратының жұмыскерлерін лауазымға тағайындауды және лауазымдарынан босатады ;

15) Кеңес аппаратының жұмыскерлерін іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар төлеу мен сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

16) Кеңес аппараты қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілігі мәселелерін шешеді;

16-1) Кеңес жанындағы Сот төрелігі академиясының штат кестесін келіседі;

16-2) Кеңес жанындағы Сот төрелігі академиясының тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және оның тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидаларын бекітеді;

17) бюджеттік өтінімді дайындауды, бюджеттік өтінімді Кеңес Төрағасына ұсынуды , сондай-ақ бюджет процесінің өзге де рәсімдерін орындауды қамтамасыз етеді;

18) Кеңестің органын қаржыландыру жоспарларын және қаржылық есептілігін әзірлеуді қамтамасыз етеді және бекітеді;

19) өз құзыretі шегінде мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынастарда Кеңес атынан өкілдік етеді;

20) Қазақстан Республикасының сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының орындалуын өз құзыretі шегінде қамтамасыз етеді;

21) Кеңес жұмысының ұйымдастырылуын жақсартуға бағытталған шараларды қолданады, Кеңес шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

22) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмысты ұйымдастырады;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де ұйымдастырушылық-өкімдік функцияларды орындауды.

2. Кеңес хатшысы уақытша болмаған жағдайда, оның міндеттері хатшының өкімімен Кеңес аппараты жұмыскерлерінің біріне жүктеледі.

**Ескеरту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.02.2019 № 227-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.03.2023 № 216-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.**

### **3-тарау. КЕҢЕС ОТЫРЫСТАРЫ**

#### **8-бап. Кеңес отырыстары**

1. Кеңес мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі отырысқа қатысқан кезде Кеңес отырысы шешімдер қабылдауға құқықты.

2. Кеңес отырыстары ашық және жариялы түрде өткізіледі. Отырысқа мемлекеттік органдардың өкілдері шақырылуы мүмкін. Жұртшылық өкілдері және аккредиттелген

журналистер Кеңес отырыстарына қатысуға құқылы. Қажет болған жағдайларда, Кеңес жабық отырыстар өткізуге құқылы, оларды өткізу туралы шешімдер Кеңес мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

Кеңестің жабық отырыстары, заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, судьяларды лауазымнан босату туралы, судьялардың, сот алқалары тәрағаларының және соттар тәрағаларының бос лауазымдарына орналасуға арналған конкурс қорытындыларын шығару туралы мәселелерді қараған кезде, оның ішінде кандидатураларды талқылаған және олар бойынша шешімдер қабылдаған кезде өткізілмейді.

3. Кеңес отырысына қатысып отырган жұртшылық өкілдері және аккредиттелген журналистер Кеңес отырысының барысына кедергі келтірмей, фото-, бейнетүсірілім мен аудиожазба жүргізуге құқылы.

Егер өзіне қатысты материалдар Кеңес отырысында қаралуға жататын отырысқа қатысушыдан тиісті өтініш келіп түскен жағдайда, фото-, бейнетүсірілім мен аудиожазба жүргізілмейді.

4. Кеңес материалдарды келіп түскен күнінен бастап екі ай мерзімнен кешіктірмей қарап, қарау қорытындылары туралы өтініш берушіні міндettі түрде хабардар етеді.

**Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 27.03.2023 № 216-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Заңымен.**

### **9-бап. Кеңес отырысын өткізу тәртібі**

1. Кеңес отырыстарын өткізу тәртібі, сондай-ақ Кеңес жұмысын ұйымдастырудың өзге де мәселелері, оның ішінде шешімдер қабылдау және дауыс беруді өткізу тәртібі Кеңес мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданатын Кеңес регламентінде айқындалады.

2. Кеңес отырысында материалдарды қарау тиісті лауазымдарға орналасуға үміткер немесе атқаратын лауазымдарынан босатылатын адамдардың қатысуымен жүргізіледі. Отырыстың өткізілетін уақыты мен орны туралы тиісінше хабардар етілген адамның болмауы, егер оның тікелей қатысуы талап етілмесе, мәселені мәні бойынша қарауға кедергі болып табылмайды.

3. Кеңес мүшелерінің отырыстарға қатысуы міндettі, олардың өз өкілеттіктерін өзге лауазымды адамдарға беруіне жол берілмейді.

**Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.02.2019 № 227-VI Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз).**

### **10-бап. Кеңес шешімдері**

1. Кеңестің соттардың кадр мәселелері, судьялардың тәртіптік жауаптылығы және олардың жұмыс сапасын бағалау жөніндегі шешімдері өзіне қатысты мәселе қаралып жатқан адамның, сондай-ақ шақырылған өзге де адамдардың қатысуынсыз, оның отырысқа қатысып отырган мүшелерінің кемінде үштен екі даусымен қабылданады.

Кеңестің өзге, оның ішінде рәсімдік мәселелер жөніндегі шешімдері оның отырысқа қатысып отырған мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

**2. Алып тасталды - ҚР 21.02.2019 № 227-VI Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).**

3. Кеңес қорытынды, хаттамалық шешім және (немесе) ұсынымдар нысанында шешімдер қабылдайды. Кеңес мүшелерінің дауыс беруден қалыс қалуға құқығы жок. Кеңес мүшесі қабылданатын шешіммен келіспеген жағдайда, ерекше пікірін жазбаша баяндауға құқылы, бұл Кеңес отырысының хаттамасына қоса тіркеледі.

4. Дауыстар тең болған кезде төрағалық етушінің даусы шешуші болып табылады.

5. Кеңес өз шешімдерімен барлық адамдардың еркін танысуы үшін жағдайлар жасайды, олар Кеңестің интернет-ресурсында орналастырылады.

**Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.02.2019 № 227-VI Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).**

#### **4-тарау. КЕҢЕС ЖАНЫНДАҒЫ БІЛІКТІЛІК КОМИССИЯСЫНЫҢ БІЛІКТІЛІК ЕМТИХАНЫН ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ**

##### **11-бап. Кеңес жанындағы біліктілік комиссиясы**

1. Судьялыққа кандидаттардың білім деңгейін және оны практикада қолдану қабілетін айқындау үшін олардан біліктілік емтиханын қабылдауды Кеңес жанындағы біліктілік комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) жүзеге асырады.

**2. Алып тасталды – ҚР 27.03.2023 № 216-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

2-1. Комиссияны қалыптастыру тәртібі, сондай-ақ оның отырыстарын өткізу тәртібі Кеңестің регламентінде айқындалады.

**3. Алып тасталды – ҚР 27.03.2023 № 216-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

4. Комиссия құрамына ұсынылған адамдардың заңтану саласындағы кәсіби білімі, заң мамандығы бойынша кемінде он жыл жұмыс тәжірибесі және мінсіз беделі болуға тиіс.

5. Комиссияның төрағасы мен мүшелері жұбайына (зайыбына), жақын туыстарына немесе жекжаттарына қатысты мәселелер қаралған кезде отырысқа қатысуға құқылы емес.

6. Комиссияның қызметін қамтамасыз етуді Кеңес аппараты жүзеге асырады.

**Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.02.2019 № 227-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.03.2023 № 216-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

##### **12-бап. Комиссияның біліктілік емтихандарын қабылдау жөніндегі отырыстары**

Комиссияның біліктілік емтихандарын қабылдау жөніндегі отырыстары ашық және жария түрде өткізіледі. Егер отырыстарға Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде уштен екісі қатысса, олар оның құқықтық күші бар деп есептеледі.

Комиссияның отырыстарына байқаушылар шақырылуы мүмкін.

**Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда – ҚР 27.03.2023 № 216-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

### **13-бап. Біліктілік емтихандарын қабылдаудың (тапсырудың) тәртібі мен шарттары**

1. Комиссияда құжаттарды қабылдау, біліктілік емтихандарын тапсыру, олардың нәтижелеріне шағым жасау тәртібі Кеңестің регламентінде айқындалады.

**2. Алып тасталды – ҚР 20.12.2021 № 83-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

3. "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген теріс себептермен судья лауазымынан босатылған адамдарды қоспағанда, бұрын кемінде бес жыл түрақты судья болып жұмыс істеген және қызметтен босатылған күннен бастап төрт жыл ішінде судья лауазымына қайтадан орналасуға ниет білдірген адамдар біліктілік емтиханын тапсырудан босатылады.

4. Кеңестің жаңындағы Сот төрелігі академиясында оқуды бітірген және біліктілік емтихандарын тапсырған адамдар оқуды бітірген күннен бастап төрт жыл бойы біліктілік емтиханын тапсырудан босатылады.

5. "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 29-бабының 2-тармағында көрсетілген адамдар біліктілік емтихандарын тапсыруға жіберілмейді.

6. Біліктілік емтиханын тапсыру нәтижесі емтихан тапсырылған күннен бастап төрт жыл бойы жарамды болады.

7. Психологиялық тестілеуді тапсырмаған адамдар оны қайта тапсыруға кемінде алты айдан кейін жіберіледі.

Біліктілік емтиханының басқа кезеңдерін тапсырмаған адамдар оларды қайта тапсыруға кемінде үш айдан кейін жіберіледі.

8. Біліктілік емтиханын тапсырған адамдар туралы ақпарат, сондай-ақ біліктілік емтиханының үлгілік сұрақтары Кеңестің интернет-ресурсында орналастырылады.

9. Судьялыққа кандидаттардан емтихан алу кезеңдерінің бірін қабылдау жүзеге асырылатын электрондық жүйе ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуіді, ақпаратты жинаудың, өндеудің, жинақтаудың, сақтаудың, іздеудің және берудің бағдарламалық-техникалық құралдарының жұмыс істеуінің бұзылуын, көрсетілген құралдардың істен шығуын болғызбайтын тиісті қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз етілуге тиіс.

Электрондық жүйенің осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексеру мақсатында тәуелсіз бағалау, оның ішінде шетелдік мамандар тартыла отырып жүргізілуі мүмкін.

9-1. Кандидаттар Комиссия мүшелерімен әңгімелесуге арнаулы тексеруден өткеннен кейін жіберіледі.

Арнаулы тексерудің нәтижелері туралы құжат берілген күнінен бастап бір жыл ішінде жарамды болады.

10. Біліктілік емтиханын тапсыру рәсімі мыналарды қамтиды:

психологиялық тестілеу;

Қазақстан Республикасының заңнамасын білуін компьютерлік тестілеу;

жазбаша эссе;

сот практикасынан жағдайларды модельдейтін есептерді шешу (кейстегі есептерді шешу) негізінде үміткердің менгерген білімін практикада қолдану қабілетін тексеру;

біліктілік емтиханы кезеңдерінің бірімен қатар болуы мүмкін Комиссия мүшелерімен әңгімелесу.

Біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі Кеңес шешімімен белгіленеді.

Судья лауазымына біліктілік емтиханы сұрақтарының санын, мазмұнын, әзірлеу тәртібін және тізбесін Кеңес айқындайды.

10-1. Заңгерлік кәсібі бойынша кемінде он бес жыл жұмыс өтілі бар және құқықтың жекелеген салаларында маман болып табылатын, осы Заңның 16-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көзделген конкурс тәртібімен облыстық соттың судьясы лауазымына орналасуға үміткер адамдар үшін, сондай-ақ заңгерлік кәсібі бойынша кемінде он сегіз жыл жұмыс өтілі бар және құқықтың жекелеген салаларында маман болып табылатын, көрсетілген конкурс тәртібімен кассациялық соттың судьясы лауазымына орналасуға үміткер адамдар үшін біліктілік емтиханын тапсыру рәсімі мыналарды қамтиды:

психологиялық тестілеу;

сот практикасынан алынған жағдайларды модельдейтін міндеттерді шешу (кейстік міндеттерді шешу) негізінде үміткердің өзінде бар білімін практикада қолдана білу қабілетін тексеру.

Осы тармақта көрсетілген біліктілік емтиханын тапсыру нәтижелері осы Заңның 16-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көзделген конкурсқа қатысу үшін жарамды.

**Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 21.02.2019 № 227-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 20.12.2021 № 83-VII (алғашқы реєми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.03.2023 № 216-VII (15.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.11.2024 № 136-VIII (01.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

**14-бап. Біліктілік емтихандарын қабылдаудан бас тарту**

Біліктілік емтихандарын қабылдаудан бас тарту туралы шешімді Комиссия төрағасы қабылдайды және бұған судьялықта кандидаттар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қойылатын талаптарға сай келмеген жағдайларда жол беріледі.

Біліктілік емтихандарын қабылдаудан бас тартылған жағдайда, Комиссия төрағасы өтініш берілген немесе осы Заңның 13-бабының 9-1-тармағында көрсетілген арнаулы тексеру нәтижелері алынған күннен бастап бір ай ішінде азаматқа уәжді жауап беруге міндетті.

**Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 21.02.2019 № 227-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді – ҚР 27.03.2023 № 216-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Зандарамен.**

### **15-бап. Полиграфологиялық зерттеудің тәртібі мен шарттары**

1. Біліктілік емтиханын ойдағыдай тапсырған адамдар психологиялық тестілеу нәтижелері ескеріле отырып, Кеңестің шешімі бойынша қосымша ақпарат алу және хабарланған мәліметтердің анықтығын тексеру мақсатында полиграфологиялық зерттеуден өтуге жіберілуі мүмкін.

2. Зерттеу өткізу дің негізгі міндеті:

1) құқыққа қарсы ниеттерді;

2) мінез-құлқынтың жасырын бұзылуын, жағымсыз тәуелділіктерді, есірткі, психотроптық заттар және психикалық және физикалық тәуелділік туғызатын өзге де психикаға белсенді әсер ететін заттар тұтынуды;

3) сауалнамалық деректер, кірістері, мүлкі және мүліктік сипаттағы міндеттемелері туралы мәліметтер жасыруды немесе бұрмалауды, қос азаматтығының болуын, қолдан жасалған құжаттар пайдалануды;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау, құпия немесе қызметтік ақпаратты бөгде адамдарға беру фактілерінің бұрын болуын;

5) тыйым салынған қоғамдық бірлестіктермен, қылмыстық және террористік ұйымдармен байланыс жасауды немесе егер бұрын олардың лауазымдық міндеттеріне кірмеген болса, коммерциялық құрылымдарға қатысады;

6) лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалануды анықтау болып табылады.

3. Полиграфологиялық зерттеудің қорытындысы ұсынымдық сипатта болады.

4. Полиграфологиялық зерттеуден өту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

**Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.02.2019 № 227-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 20.12.2021 № 83-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Зандарамен.**

**5-тaraу. Аудандық соттың төрағасы мен судьясы, облыстық соттың сот алқасының төрағасы және судьясы, кассациялық соттың судьясы, Жоғарғы Сот судьясы лауазымына тағайындау туралы ұсыным шығару**

Ескеरту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 21.02.2019 № 227-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді – ҚР 21.11.2024 № 136-VIII (01.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **16-бап. Судья лауазымына конкурс**

1. Кеңестің аудандық соттың судьясы, облыстық соттың сот алқасының төрағасы және судьясы, кассациялық соттың судьясы, Жоғарғы Сот судьясы лауазымына тағайындау туралы ұсынымы конкурстық қараудың нәтижелері бойынша беріледі.

"Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 29-бабының 4-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін және Жоғарғы Соттың ұсынысы бойынша тізбесін Кеңес бекітетін құқықтың жекелеген салаларында маман болып табылатын облыстық сот, кассациялық сот судьясының бос лауазымына кандидаттар үшін жеке конкурс өткізуі мүмкін. Мұндай жеке конкурстық іріктеуді өткізу тәртібі Кеңестің регламентінде айқындалады.

2. Конкурс жариялау туралы шешімді жыл сайын Кеңес бекітетін және Кеңестің интернет-ресурсында орналастырылатын конкурстар өткізу графигінің негізінде Кеңес хатшысының ұсынысы бойынша Кеңес Төрағасы қабылдайды.

Конкурсты өткізу графигін бекіту тәртібі, сондай-ақ оған енгізілетін мәліметтер Кеңес регламентінде айқындалады.

3. График судьялардың аудандық соттардың төрағалары мен сот алқалары төрағаларының өкілеттік мерзімдері, сондай-ақ бар бос орындар ескеріле отырып жасалады.

4. Кеңестің аудандық сот судьясының, облыстық соттың сот алқасы төрағасының және судьясының, кассациялық сот судьясының, Жоғарғы Сот судьясының бос лауазымдарына орналасуға конкурс туралы хабарландыруын Кеңес аппараты Кеңестің регламентінде белгіленген мерзімдерде, бірақ конкурсқа дейін кемінде екі апта бұрын Кеңестің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялады. Бұл ретте облыстық соттың сот алқасының төрағасы лауазымына орналасуға конкурс облыстық соттың сот алқасының төрағасы өкілеттіктерінің мерзімі өткенге дейін жариялануы мүмкін.

5. Аудандық соттың судьясы, облыстық соттың сот алқасының төрағасы және судьясы, кассациялық соттың судьясы, Жоғарғы Соттың судьясы лауазымдарына конкурсқа қатысу үшін Кеңестің конкурс туралы хабарландыруында көрсетілген

мерзімдер ішінде, бірақ Кеңестің интернет-ресурсында хабарландыру жарияланған күннен бастап кемінде екі апта ішінде Кеңес аппаратына өтінішті және тізбесі Кеңес регламентінде белгіленген басқа да құжаттарды беру қажет.

**Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда – ҚР 27.03.2023 № 216-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); өзгеріс енгізілді – ҚР 21.11.2024 № 136-VIII (01.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.**

**17-бап. Аудандық соттың судьясы, облыстық соттың сот алқасының төрағасы және судьясы, кассациялық соттың судьясы, Жоғарғы Сот судьясы лауазымдарына конкурсқа қатысуышылар**

**Ескерту. 17-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 27.03.2023 № 216-VII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 21.11.2024 № 136-VIII (01.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.**

1. Аудандық соттың судьясы лауазымына Кеңестің ұсынымын алу үшін конкурсқа – "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 29-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4) және 6) тармақшаларының талаптарына сай келетін азаматтар, сондай-ақ жұмыс істеп жүрген судьялар қатыса алады.

2. Облыстық соттың сот алқасының төрағасы және судьясы, кассациялық соттың судьясы, Жоғарғы Сот судьясы лауазымына Кеңестің ұсынымын алу үшін конкурсқа "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының талаптарына сай келетін азаматтар қатыса алады.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**3-тармақтың бірінші бөлігі 01.07.2025 дейін тоқтатыла тұрады, тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданыста болады – ҚР 21.11.2024 № 136-VIII  
Заңымен.**

3. Аудандық соттың судьясы және облыстық соттың судьясы лауазымына конкурсқа қатысуышылар жұмыс орны бойынша Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің және облыстық соттың жалпы отырысының қорытындыларын алуға тиіс. Кассациялық соттың судьясы лауазымына конкурсқа қатысуышылар Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қорытындысын алуға тиіс.

Облыстық соттың сот алқасының төрағасы және Жоғарғы Соттың судьясы лауазымдарына конкурсқа қатысуышылар Жоғарғы Соттың жалпы отырысының және жұмыс орны бойынша Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің қорытындыларын алуға тиіс.

Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің және жалпы отырыстың қорытындылары ұсынымдық сипатта болады.

4. Конкурсқа қатысуышылар, жалпы отырыстардың, Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес отырысының өткізілетін күні туралы, сондай-ақ олар қабылдаған

шешімдер туралы ақпарат Кеңестің интернет-ресурсында орналастырылуға және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жатады.

**Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 21.02.2019 № 227-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді – ҚР 27.03.2023 № 216-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 21.11.2024 № 136-VIII (01.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

## **18-бап. Бос лауазымдарға кандидаттарды іріктеу тәртібі**

1. Бос лауазымдарға кандидаттарды конкурстық іріктеуді Кеңес өз қызметіне араласуды болғызыбайтын шарттарда, ашық және жариялы түрде жүзеге асырады.

1-1. Судьялардың бос лауазымдарына кандидаттарға конкурстық іріктеу өткізу тәртібі Кеңестің регламентімен айқындалады.

2. Жоғары білім деңгейі, биік моральдық-адамгершілік қасиеттер мен мінсіз бедел судьялардың бос лауазымдарына кандидаттарды іріктеудің негізгі өлшемшарттары болып табылады.

Облыстық соттың сот алқасы төрағасының бос лауазымына орналасуға арналған конкурс өткізу кезінде осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген өлшемшарттарға қосымша ұйымдастырушылық қабілет те ескеріледі.

Шалғай жерде орналасқан соттарда немесе штат саны үш бірліктен аспайтын соттарда кемінде бес жыл жұмыс істеген судьялар аудандық соттарда тең дәрежелі лауазымдарға кандидаттарды іріктеу кезінде өзге жағдайлары тең болса, басымдыққа ие болады.

Судьяның бос лауазымдарына кандидаттарды іріктеу Кеңес айқындайтын, "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында және осы Занда көзделген талаптарға негізделген, судья лауазымдарының санаттары бойынша сараланған цифрлық және бағалау өлшемшарттарының, оның ішінде соттағы, прокуратурадағы, адвокатурадағы жұмысты ескеретін өлшемшарттардың жүйесі пайдаланыла отырып та өткізіледі.

3. Судья лауазымына кандидаттарды зерделеуді, сондай-ақ іріктелген кандидаттарды Кеңес отырысына шығаруды Кеңес жанындағы Конкурстық іріктеу жөніндегі комиссия жүзеге асырады.

Конкурстық іріктеу жөніндегі комиссияны қалыптастыру, сондай-ақ отырыстарын өткізу тәртібі Кеңес регламентінде айқындалады.

Кеңестің отырысына қатысып отырған мүшелерінің кемінде үштен екі даусын жинаған кандидат бос лауазымға орналасуға арналған конкурстық жеңімпазы деп танылады.

Конкурстық рәсімдерді онлайн-трансляциялау, сондай-ақ оларды өткізу қорытындысы бойынша түсіндірмелерді жариялау Кеңес регламентінде айқындалатын тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Жұмыс істеп жүрген судья болып табылмайтын және конкурста жеңіске жеткен кандидат қосымша түрде міндетті арнайы тексеруден өтуге тиіс.

Арнайы тексеруден өтуді Кеңес аппараты ұйымдастырады.

Мемлекеттік қызметте үзіліссіз өтілі бар және бұрын арнайы тексеруден өткен кандидаттар кадр қызметі қуәландырған тиісті анықтаманы ұсына алады.

Арнайы тексерудің нәтижелері туралы құжат берілген күнінен бастап бір жыл бойы жарамды болады.

5. Егер арнайы тексеру қорытындылары бойынша конкурста жеңіске жеткен кандидатқа қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғанын, соның ішінде оның кейіннен Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7) және 8) тармақтарында көзделген негіздер бойынша тоқтатылғанын қуәландыратын мәліметтер анықталған жағдайда, онда прокуратура органдары мұндай кандидаттарға қатысты қылмыстық істердің материалдарын зерделей отырып, қосымша тексеру жүргізеді, оның қорытындысы Кеңес отырысында қаралады.

Іріктеуден өткен және Кеңес тағайындауға ұсыным жасаған кандидатты аудандық соттың судьясы, облыстық соттың сот алқасының төрағасы және судьясы, кассациялық соттың судьясы, Жоғарғы Соттың судьясы лауазымдарына тағайындауға кедергі келтіретін негіздер болған кезде, сондай-ақ ол бос лауазымға тағайындаудан бас тартқан жағдайда, Кеңес ұсыным беру туралы шешімнің күшін жояды және конкурсқа қатысқан адамдар қатарынан басқа кандидатты бос лауазымға тағайындау үшін ұсына алады.

5-1. Судьялыққа кандидаттар Кеңестің бос лауазымға тағайындау туралы ұсынымын алғаннан кейін тағылымдамадан өтуі мүмкін.

Судьялыққа кандидат тағылымдама қорытындылары бойынша соттың жалпы отырысының теріс қорытындысын алған жағдайда, Кеңестің ұсынымы қайта қаралуға тиіс. Кеңестің ұсынымын қайта қарау тәртібі Кеңестің регламентінде айқындалады.

Кеңес тағылымдама қорытындылары бойынша жалпы отырыстың теріс қорытындысын негізді деп таныған жағдайда, Кеңестің осындай кандидатқа қатысты бос судья лауазымына тағайындау туралы ұсынымының күші жойылады және осы бос судья лауазымына:

- 1) осы судья лауазымына конкурсқа қатысқан кандидат ұсынылуы мүмкін;
- 2) қайта конкурс жариялануы мүмкін.

6. Егер конкурс нәтижесінде ұсынылған бос лауазымдарға кандидаттар іріктеп алынбаса, онда мұндай бос лауазымдар бойынша конкурс өткізілмеді деп танылады және:

1) судья лауазымдарына конкурсқа қатысқан, бірақ оларға іріктеліп алынбаған кандидаттарға олардың келісуімен, конкурс қорытындылары бойынша толтырылмай қалған судья лауазымдары ұсынылуы мүмкін;

1-1) шалғай жерде орналасқан соттың конкурс қорытындысы бойынша бос қалған судьялауазымына "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 30-бабы 2-тармағының ұшінші бөлігінде көзделген тәртіппен Жоғары Сот Кеңесі жаңындағы Сот төрелігі академиясында оқуды бітірген және біліктілік емтиханын тапсырған адам үсінілуге мүмкін;

2) қайта конкурс жариялануы мүмкін.

7. Бос лауазымдарға кандидаттарды іріктеу қорытындылары бойынша конкурс қорытындыларына орай ұсыным жасалған адамдар туралы ақпарат Кеңестің интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескеरту. 18-бап жаңа редакцияда - ҚР 21.02.2019 № 227-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР 20.12.2021 № 83-VII (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 157-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.03.2023 № 216-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 21.11.2024 № 136-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

**6-тарау. Облыстық соттар төрағаларының, кассациялық соттар төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарына кандидатураларды қарау тәртібі**

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 21.02.2019 № 227-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді – ҚР 21.11.2024 № 136-VIII (01.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

**19-бап. Аудандық соттар төрағаларының, облыстық соттар төрағаларының, кассациялық соттар төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарына кандидатураларды қарау тәртібі**

Ескерту. 19-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 27.03.2023 № 216-VII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 21.11.2024 № 136-VIII (01.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

1. Облыстық соттар төрағаларының, кассациялық соттар төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарына кандидатураларды Кеңес Жоғарғы Сот Төрағасының оларды Жоғарғы Соттың жалпы отырысы қарағаннан кейін енгізген ұсынуы бойынша баламалы негізде қарайды.

1-1. Аудандық соттар төрағаларының бос лауазымдарына кандидатураларды Кеңес облыстық соттың кеңейтілген жалпы отырысы сайлаған және тиісті қорытынды алған адамдардың қатарынан қарайды.

2. Аудандық соттардың төрағалары лауазымдарына кандидатуралар жұмыс істеп жүрген судьялар болуға немесе олардың судья лауазымында кемінде бес жыл жұмыс өтілі болуға тиіс.

Облыстық соттар тәрағаларының бос лауазымдарына кандидатуралар, әдетте, облыстық соттың судьялары немесе судья лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі бар адамдар арасынан ұсынылады.

Кассациялық соттар тәрағаларының бос лауазымдарына кандидатуралар, әдетте, кассациялық соттың судьялары немесе судья лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі бар адамдар арасынан ұсынылады.

Жоғарғы Соттың сот алқаларының тәрағалары лауазымына кандидатуралар Жоғарғы Соттың судьялары арасынан ұсынылады.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2-тармақтың бесінші абзацы 01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі – КР 21.11.2024 № 136-VIII Заңымен (мәтін алып тасталды).**

3. Жоғарғы Сот Тәрағасының ұсынуына тиісті соттың жалпы отырысында баламалы негізде қаралған барлық кандидаттардың материалдары қоса беріледі.

3-1. Аудандық сот тәрағасының лауазымына бос орынды жариялау туралы шешімді аудандық соттар тәрағалары өкілеттіктерінің мерзімі ескеріліп, Кеңес хатшысының ұсынысы бойынша Кеңес Тәрағасы қабылдайды.

Бос орын туралы хабарландыру Кеңес регламентінде белгіленген мерзімдерде Кеңестің интернет-ресурсында жарияланады.

3-2. Кеңес аудандық сот тәрағасының бос лауазымына өз кандидатурасын өзі дербес ұсынған кандидаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

Мұндай тексеруді жүргізу тәртібі Кеңестің регламентінде айқындалады.

3-3. Кеңестің кадрлық резервте тұрған адамдар және (немесе) өз кандидатурасын өзі дербес ұсынған адамдар қатарынан облыстық соттың кеңейтілген жалпы отырысына кандидаттарды енгізу тәртібі, аудандық соттың тәрағасы лауазымына облыстық соттың кеңейтілген жалпы отырысында сайланған кандидаттарды іріктеу тәртібі, сондай-ақ кандидат лауазымға тағайындаудан бас тартқан жағдайларда, Кеңестің ұсынымдарын қайта қарау тәртібі Кеңестің регламентінде айқындалады.

3-4. Кандидат аудандық соттың тәрағасы лауазымына тағайындаудан бас тартқан жағдайда, Кеңестің осындай кандидатқа қатысты бос судья лауазымына тағайындау туралы ұсынымының күші жойылады және:

1) аудандық сот тәрағасының бос лауазымы кеңейтілген жалпы отырыста сайланған өзге кандидаттарға ұсынылуы мүмкін;

2) қайта іріктеу жариялануы мүмкін.

4. Кеңес отырыста аудандық соттар тәрағаларының, облыстық соттар тәрағаларының, кассациялық соттар тәрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары тәрағаларының бос лауазымдарына сайланған немесе ұсынылған барлық кандидатураларды міндетті түрде қарайды.

**Ескерту.** 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 21.02.2019 № 227-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді – ҚР 27.03.2023 № 216-VII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.11.2024 № 136-VIII (01.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **20-бап. Бос лауазымдарға кандидатураларды қарау шарттары**

1. Облыстық соттардың төрағалары және сот алқаларының төрағалары, кассациялық соттардың төрағалары, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары өздері атқаратын лауазымға немесе тен дәрежелі соттарда үқсас лауазымға екі реттен артық тағайындалмайды.

2. "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген жағдайларда судьялардың бос лауазымдарына кандидаттарды конкурссыз тағайындау тәртібі Кеңестің регламентінде айқындалады.

**Ескерту.** 20-бап жаңа редакцияда – ҚР 27.03.2023 № 216-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); өзгеріс енгізілді – ҚР 21.11.2024 № 136-VIII (01.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **7-тaraу. СОТТЫҢ ТӨРАҒАСЫН, СОТ АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫН ЖӘНЕ СУДЬЯНЫ ЛАУАЗЫМЫНАН БОСАТУ ТУРАЛЫ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ**

### **21-бап. Соттың төрағасын, сот алқасының төрағасын және судьяны лауазымынан босату не босатудан бас тарту туралы мәселені қарау үшін негіздер**

1. Сот төрағасының, сот алқасы төрағасының және судьяның өтініші, Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның 34-бабы 1-тармағының 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның растигын құжат қоса берілген хабары Кеңестің сот төрағасын, сот алқасының төрағасын және судьяны лауазымдарынан босату туралы мәселені қарауына негіз болып табылады.

"Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 34-бабы 1-тармағының 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның растигын құжат қоса берілген хабары Кеңестің сот төрағасын, сот алқасының төрағасын және судьяны лауазымдарынан босату туралы мәселені қарауына негіз болып табылады.

Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия судьяны кәсіптік жарамсыздығына қарай атқаратын лауазымына сай келмейді деп тану туралы шешімді Кеңеске енгізеді.

Сот жюри соттың төрағасын, сот алқаларының төрағаларын және судьяларды тәртіптік теріс қылыштар жасағаны үшін немесе "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының талаптарын орындағаны үшін атқаратын лауазымдарынан босату туралы шешімді Кеңеске енгізеді.

2. Кеңес материалдарды алғаннан кейін ондағы мәліметтерді "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 34-бабында көзделген төрағаның, сот алқасы төрағасының және судьяның өкілеттіктерін тоқтату негіздерінің болуы тұрғысынан зерделейді.

Кеңес зерделенген материалдарға Кеңес регламентінде белгіленген тәртіппен тексеру жүргізуге құқылы.

3. Тексерудің нәтижелері бойынша анықтама жасалады. Анықтамада анықталған мән-жайлар, тексерушілердің қорытындысы мен ұсыныстары қамтылуға және олардың қолдары қойылуға тиіс.

**Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.02.2019 № 227-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.03.2023 № 216-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.11.2024 № 136-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

## **22-бап. Тексерудің нәтижелерімен судьяны таныстыру**

1. Өзіне қатысты тексеру жүргізілген судья анықтамамен және тексеру материалдарымен таныстырылуға тиіс. Бұл ретте ол қосымша түсініктемелер беріп, белгілі бір мән-жайларды тексеру туралы өтінішхат бере алады.

2. Өзіне қатысты тексеру жүргізілген судья анықтамамен және тексеру материалдарымен танысадан бас тартқан жағдайда, бұл жайында хаттама жасалады, оған тексеруді жүргізген адамдар қол қояды.

## **23-бап. Соттың төрағасын, сот алқасының төрағасын және судьяны лауазымынан босату туралы мәселені қарау**

1. Кеңес соттың төрағасын, сот алқасының төрағасын және судьяны лауазымдарынан босату туралы мәселені қараған кезде өзіне қатысты тиісті лауазымнан босату туралы мәселе қаралып жатқан судьяның түсініктемесін тыңдайды. Сот төрағасының, сот алқасы төрағасының және судьяның Кеңес отырысына дәлелді себептерсіз келмеуі мәселені қарауға кедергі болмайды. Отрыста сот төрағасының, сот алқасы төрағасының және судьяның, Кеңес хатшысының өтінішхаты бойынша шақырылған басқа да адамдардың хабары тыңдалуы, құжаттар жария етілуі және өзге де материалдар қаралуы мүмкін.

2. Кеңестің шешімінде нақты материалдарға сілтеме жасай отырып, Қазақстан Республикасының Президентіне соттың төрағасын, сот алқасының төрағасын және судьяны лауазымынан босату туралы қабылданған ұсынымға негіз болған мән-жайлар не ұсынымды қабылдаудан бас тарту қамтылуға тиіс.

3. Соттың төрағасын, сот алқасының төрағасын және судьяны лауазымынан босату туралы ұсыным беруден Кеңестің бас тартуы Сот жюриінің өзі шығарған шешімнің күшін жоюы және оны қайта қарауы үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 27.03.2023 № 216-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## 24-бап. Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның немесе Сот жюриінің шешіміне шағым жасау туралы мәселені қарау

1. Судья Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның немесе Сот жюриінің шешіміне Кеңеске шағым жасай алады.

ҚР Конституциялық Сотының 21.04.2023 № 10 нормативтік қаулысымен "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 44-бабының 4-тармағы, 44-1-бабының 3-тармағы және "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 1-тармағы Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 2-тармағына сәйкес келеді деп танылды.

2. Кеңес Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның немесе Сот жюриінің шешіміне шағым жасау туралы мәселені қарау кезінде өзіне қатысты Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия немесе Сот жюриі шешім қабылдаған судьяның түсініктемесін тыңдайды. Судьяның Кеңес отырысына дәлелсіз себептермен келмеуі мәселені қарауға кедергі келтірмейді. Оттыста судьяның, Кеңес хатшысының өтінішхаты бойынша шақырылған басқа адамдардың хабарлары тыңдалып, құжаттар жария етілуі және өзге де материалдар қаралуы мүмкін.

3. Кеңес Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның немесе Сот жюриінің шешіміне шағым жасау туралы мәселені қарау қорытындылары бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдауға құқылы:

1) Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның немесе Сот жюриінің шешімін негізді деп тану;

2) Сот жюриінің шешімін негіzsіз деп тану және іс жүргізуі токтата отырып, оның күшін жою;

3) Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның немесе Сот жюриінің шешімін негіzsіз деп тану және қайтадан қарауға жібере отырып, оның күшін жою;

4) Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның шешімін негіzsіз деп тану, оның күшін жою және жаңа шешім шығару.

4. Кәсіби қызметті мерзімдік бағалау нәтижелері бойынша Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның шешіміне судьяның шағымын қарау нәтижелері бойынша қабылданған Кеңестің судьяны жүктемесі аз басқа сотқа, тәмен тұрған сотқа ауыстыру туралы шешімі Кеңес отырысында судьяны жүктемесі аз басқа сотқа, тәмен тұрған сотқа ауыстыру туралы мәселені, ал судья ауысадан бас тартқан жағдайда судьяны атқарып отырған лауазымынан босату туралы мәселені қарауға негіз болып табылады.

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 21.02.2019 № 227-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР 20.12.2021 № 83-VII (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.03.2023 № 216-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.11.2024 № 136-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## 8-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 25-бап. Қорытынды ережелер

"Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" 2008 жылғы 17 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 20, 80-құжат; 2010 ж., № 24, 153-құжат; 2012 ж., № 5, 39-құжат; 2014 ж., № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 22, 128-құжат) күші жойылды деп танылсын.

### 26-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

*H.Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК